

## **АБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МУЗЫКАСЫНЫҢ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ**

Музыка саласында әл-Кинди, Фараби, Әбу Али ибн-Сина көптеген еңбектер жазған. Бұлардың арасында Фарабидің музыка теориясын дамытудағы алатын орны ерекше.

Еуропада орта ғасырдың өзінде-ақ танымал болған және де музыка теориясының дамуына ықпал еткен, Абу Насыр әл-Фарабидің “Музыканың ұлы кітабы” атты еңбегі ғалымның эстетикалық көзқарасын түсінуге маңызы зор дерек. Бұл еңбек 1967 жылы Каир қаласында алғы сөз бен жете түсіндірмелерді қосқанда, 1200 беттік көлеммен нұсқа тілінде “Музыка туралы ұлы кітап” деген атпен басылып шығады. Араб ғалымы Гаттас Абд әл-Малик әл-Хашба осы кітапқа дайындаған критикалық мәтіні зерттеушілердің аударма жасауына көмек берген негізгі дерек болып саналады. Бұл еңбек Махмуд Ахмад Хафни редакциясында басылып шығады. Сонымен қатар, Фараби мұрасындағы музыкалық-теориялық көптеген аспектілерін нақты аударуға және толық түсінуге Иран музыка зерттеушісі Мехди Баркешлидің “Фараби музыкасы” мен 1930-35 жж. Париже екі том болып француз тілінде басылып шыққан Рудольф Д'Эрланженің аударма-мазмұндамасы көп көмек берді. Көрші еліміз Өзбекстанның белгілі ғалымы О. Матякубтың монографиясы да ғұламаның музыкасын зерттеуге көп үлесін қосты. Монографияда қазіргі заманғы музыка тану позициясымен бірге әл-Фарабидің музыкалық-теориялық көзқарасына баға беріліп, оның, яғни, Абу Насыр әл-Фараби теориясының жеке жақтары түсіндіріліп, “Музыка туралы ұлы кітапқа” талдау жасала отыра, музыкалық терминдерге қысқаша сөздік беріледі /1/.

“Музыка туралы ұлы кітап” немесе “Музыканың ұлы кітабі” күрделі жазылған шығарма болып саналады. Әрине, бірнеше мың жыл бұрын жазылған еңбекті қазір оқығанда қиындық туады. Айтар болсақ, біріншіден, музыкалық ойдың үздіксіз даму процесінде көрініс, түсіну жүйесі және терминдер үнемі ауысып тұрады, нәтижесінде, ортағасырлық музыка терминдері қазіргі жағдайда мүлдем басқа мағына береді.

Екіншіден, аудару кезінде қазіргі замандық интервалды мөлшер эквиваленттерін құруда (музыканың негізгі құрылымдық элементтерінің бірі) үлкен қиындық туды. Тек қана сол уақытта интервалдарды сандық тәсілмен көрсету принципі ұқсас болып келеді. Әл-Фараби шығарған математикалық операциялар ауызша суреттеледі. Сондықтан, бұл кітаптың аудармасын жасау үшін философия тарихы пәнін, музыка ғылымын зерттеушілер, филологтар, математиктердің және т.б. ғалымдардың қатысумен іске асыру керек болды.

“Музыканың ұлы кітабі” - әл-Фараби барлық өмірінің жемісі, таланты мен ірі еңбегінің нәтижесі. Бұл синтетикалық және энциклопедиялық

еңбекте таным теориясы, логика, эстетика, поэзия, педагогика, анатомия, математика, физика, акустика, инструменталистика және сол секілді көптеген мәселелер қамтылған. Ғалым алдына музыканы жан-жақты және толық зерттеуді мақсат етіп алған. Біз ол мақсатына жетті деп айта аламыз, өйткені ол бірінші рет музыка тарихында толық мәлімет бере алды. “Музыканың ұлы кітабі” тек қана әл-Фарабидің ең ірі шығармасы емес, өткен ғасырлардың құнды рухани ескерткішінің бірі. Онда ауқымды түрде ғылым мен өнердің маңызды методологиялық мәселелері қозғалады. Осыған қатысты музыка мен философия зерттеушілеріне ортақ эксперименталды теориялық әдісіне көп көңіл бөлінеді. “Ғылымның шығуы туралы” трактатында ғұламаның эстетикалық көзқарастары қамтылған музыка, өлең шығару ғылымы да маңызды орын алады. Ол әрбір өнердің өз заңы бар деп қорытындылап, соны ашып көрсетуге тырысады. Осының өзін де өнер деп санайды /2, 20/.

Абу Насырдың музыка теориясының жан-жақты дамуына тигізген әсері мол. Оның музыкалық шығармасы негізгі үш дерекке сүйенеді: біріншісі, ерекше жанрлары мен бір сарынды музыкалық формалары дамыған Шығыс халқының дәстүрлі музыкалық практикасының байлығы, соның ішінде Орта Азия мен Қазақстан халқының музыкалық мәдениетін ерекше атап көрсетуге болады. Екіншісі, әртүрлі маңызды ғылыми көріністер мен эмпирикалық білімді жергілікті музыкалық дәстүрмен салыстыру. Үшіншіден, антикалық музыкалық ғылымға қол жеткізу болып табылады. Ежелгі классикалық мұраларды, соның ішінде, Аристотель мен Евклидтің шығармаларын еркін оқи отыра, Фараби музыка теориясын құруда, соны әдіс ойлап шығарады. Сол кезде ол ғылымның аяқталған бір саласы ретінде саналып, математика, физика және өнерде маңызды орын алады.

Ғалым музыкалық өнер мәселелерін әртүрлі аспектілер арқылы түсіндіреді, атап айтсақ, музыка теориясы, оның пайда болу тарихы, музыканы қабылдау психологиясы, музыканың техникалық жағы, музыкалық шығармашылықтарды орындаудағы басшылық және т.б. Ол музыкалық аспаптар туралы ғылымның негізін салды. Бұл Шығыс, кейіннен Европа елдерінде зерттеліп, дами бастады. Ұлы музыкант әл-Фараби танбур, дутар, сырнай, шахруд және сол кезде белгілі болған басқа да музыкалық аспаптарға сипаттама береді. Оның пікірінше, музыкалық аспаптар бардық вокалды нота сипатына ие болмаса да, дауыс секілді адамды рахаттандыра алады. Осыған орай, оның заманында вокалдық шығармашылықтың жанры музыка өнері түрінің маңыздысы және негізгісі болғанын көре аламыз. Вокалды орындау талантын ғалым “адам дауысының” жоғары деңгейі деп санайды. “Адам дауысы” – бұл дауыстың нәзік қасиетімен біріккен, ең ерекше, сонымен бірге таң қаларлық мәнерлі және бай интонациялық құралды инструмент /2, 22/. Әл-Фараби бойынша, халық әні, вокалды музыка негізгі эстетикалық мағыналы “адам дауысы” бар барлық өнердің қайнар көзі болып табылады.

Көптеген мәліметтерге қарағанда Абу Насыр музыкалық аспаптардың көбінде (рабаб, гипжак, най, уд және т.б.) ойнаған және өлең айту өнерін жақсы игерген.

Фараби музыкалық аспаптардың қалай шыққаны туралы былай дейді: Сонан соң музыканттар белгілі бір аспаптарға тоқталып, олардан адам дауысымен салыстырғанда басқаша тондар мен дыбыстарды шығарып алуға болатынын білген; ол аспаптардың дыбыстары мен тондары ән дыбыстарының сапасындай болғанымен олардың да белгілі бір ләззат туғызарлықтай қасиеті бар екені байқалып, табиғи болып есептелген. Музыканттар оларды қабыл алған. Олар кейде ән салу ережелерінен шегініп, ол аспаптарды мүмкіндігінше ең жақсы пайда келтіре алатындай етіп пайдаланған. Осылай дауыс еліктей алмайтын таза аспапты музыка туған. Бұған Хорасан мен Персиядағы ежелгі равасин аспабы мысал бола алады. Аспапты музыка ән салумен қосарланғанда оған үлкен күш, көп мәнер береді және әр түрлі жағдайларда алмастыра алады. Сөйтіп, музыкалық жанрдың бұл екі түрі бір-бірімен тығыз байланысты” /3, 91/.

Шығыс ойшылы музыкадағы материалдық концепцияны да дамытты. Ол бойынша, музыка теориясының басты объектісі табиғаттың немесе өнердің жемісі бола алатын, музыка болмысын үйрену. Музыка теориясы біздің құлағымыз қабылдайтын барлық жағдайларды зерттейді. Теориялық музыка өнері саналы, ақыли дарындылық болады, ол қабілеттілік музыканы білуді және оның біздің көңіліміздегі туған (жасалған) нағыз ақиқат бейнеге сәйкес мағынасын қамтиды. Бұл білімдер бізге музыканың мәнін, белгілерін және кездейсоқ қасиеттерін түсінуге мүмкіндік береді. Біз бұл жерде тондар және музыкалық композицияның осы сияқты басқа элементтері жөнінде тәптіштеп толық айтып жатпаймыз. Себебі оның барлығы музыканы білу деген сөзден шығады. Шынында музыкалық шығарманың элементтері дегеніміз музыканы музыка ететін себептердің бөліктері болып табылады, сондықтан да біздің сөзімізде ескерілмей қалған белгілер қалған жоқ /3, 95/.

Абу Насыр ғылымдар классификациянда музыканы математика ғылымына жатқызады. Негізінде Стагирит музыка теориясы мен практикасы бір-бірінен бөлінбейді деп қарастырса, Аристотель музыка ғылымын екіге бөледі: практикалық және теориялық. Ойшыл әл-Фараби болса, Аристотель пікірін жақтайды. Ол музыканың физикалық және рухани аспектілерін бөле қарастырып, практикалық және теориялық бөлімдерін анықтайды. Практикалық бөлімге аспаптардың сүйемелдеуімен орындалатын музыкалық шығармашылықты жатқызса, ал теориялық бөлімде мелодияның пайда болу ережесі мен заңдарын және музыкалық шығармашылықтың құрылуын қарастырады /4, 44/. Әл-Фараби бойынша, музыка саласының теориялық білімі практикалық мақсатқа жетудің үлкен құралы болып саналады. Нақтырақ айтсақ, әл-Фарабиде поэтика мен риторика логика ғылымының негізгі бөлімі ретінде саналса, олар музыка ғылымы бойынша математиканы құрайтын негізгі дисциплина ретінде болды.

Өз заманындағы музыкалық-теориялық ойды жеткізгенде, ол музыканы жоғарғы гуманистік идеалмен байланыстырады. Әнмен, музыкамен өзінің армандарын жеткізген. Музыка арқылы жаулап алушылыққа, билік басындағыларға қарсы пікірін айтқан. Прогрессивті ойшылдар музыка теориясында эстетикалық мәселелерді зерттеген, ол музыка туралы ғылымның өзін оқу классификациясымен, адам жанына әртүрлі эмоционалды әсер ететін музыкалық композицияларды үйренумен тығыз байланысты.

Ғұлама өзінің шығарамларында музыканың емдік қасиеті бар екенін де айтып кетеді. Сонымен қатар оның тәрбиелік жағы, қоғамда үлкен роль ойнайтынын да ескерткен. Ойшыл музыканың тыңдаушыға үлкен эмоционалды әсер ететінін жете айтты. Әл-Фараби тек музыка теориясын дамытып қана қоймай, өз шығармасында музыка эстетикасын қамтыды. Мелодия ән құрап, оны әсемдендіре түсіреді. Сондықтан музыкалық өнер – мелодия (ән) шығарумен айналысатын өнер.

Музыка ғылымын ол педагогикалық ғылым, яғни, тәрбие ісімен айналысатын саланың да қатарына қосады. “Музыканың ұлы кітабында” музыкалық білімді міндетті оқу пәніне жатқызады. Абу Насыр адамға әсер ету дәрежесі бойынша музыканың үш түрін талдаған. Бірінші түрге адамды тыныштандырып, рахат әкелетін; екіншіге құштарлықты күшейтетін; соңғы түрге қиял тудыратын музыканы жатқызады. Табиғи мелодия (музыка) әдетте адамға жоғарыда айтылған түрдің біреуі әсер ететінін айтады, және де ол адамның мінезінің әртүрлілігіне қарамайды. Осы үш түрді қамтыған музыка кемелденген, ең әсерлі болып саналады.

Әл-Фараби еңбектері Шығыс және Батыс елдерінде музыка туралы ғылымның дамуында үлкен роль ойнайды. Мәселен, ибн Сина, Сафиуддин Джурджани, Омар Хайям, Абдурахман Джами, Роджер Бэкон және осылар секілді басқа да ғалымдар еңбектерін жазуда әл-Фарабидің музыкалық шығарашылығы негізгі бастау болды. Авиценнаның “Китаб аш-Шариф” (Айығу кітабы) атты еңбегінің “Музыка туралы ғылымға түсіндірме” деген бөлімі “Музыканың ұлы кітабының” негізінде жазылғанын айтады /5, 158/. Сонымен қатар, “Китаб ан-Наджат” (Құтқару кітабы) атты трактатындағы “Даниш-намә” тарауында музыка жөнінде қысқаша мәлімет береді. Араб халифатында Абу Насыр секілді Авиценнаның да музыка жөніндегі шығармалары жоғары бағаланады.

Қазақ халқының ұлы музыкант-теоретигінің еңбектерін зерттеуге көптеген ғалымдар мен зерттеушілер қалам тартқан. Оның “Философиялық трактаты”, “Әлеуметтік-этникалық трактаты”, “Логикалық трактаты”, “Математикалық трактаты” секілді бірнеше еңбектері қазақ-орыс тілдеріне аударылғанымен, музыка жөніндегі шығармасы әлі көп зерттеулерді қажет етеді. Оның музыка жөніндегі ғылымына әртүрлі пікірлер жазылып жүргенімін, еңбек толығымен біздің тілімізде аударылмаған. 2002 жылы профессор С.Д. Даукеевтің орыс тілінде “Философия музыкасы Абу Насыр Мухаммад аль-Фараби” атты еңбегі басылып шығады. Онда тек “Музыканың ұлы кітабының”

фрагменттері қамтылған. Ал қазақ тіліне ойшылдың музыкалық еңбектерін енді аударып жатыр. Болашақта жерлесіміздің трактаттары қазақ тілінде басылып шығып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Ғұлама әл-Фарабидің “Музыканың ұлы кітабы”, “Музыка жайлы талдау”, “Ырғақтардың классификациясы” секілді құнды туындылары осы уақытқа дейін маңызын жоғатпаған еңбектер. Қазіргі уақытқа дейін музыка теоретиктері осы ғалымның еңбектеріне жүгініп келеді. Оның тұжырым жасаған музыкалық терминдері осы күнгі музыка теориясындағы музыкалық терминдермен сәйкес келетінін ерекше айтуға болады.

## Әдебиет

1. Матякубов О. Фараби об основах музыки Востока. – Ташкент: Фан, 1986.
2. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии / Пер. с арабского. – Алматы: Ғылым, 1993.
3. Көбесов А. “Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі”. – Алматы: Санат, 2002.
4. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – Алматы, 1987
5. Розенфельд Б.А. Математические трактаты Ибн-Сины // Абу Али ибн-Сины. К 1000-летию со дня рождения. - Ташкент, 1980.
6. A Közepkori és újkori filozofia története. Sylvester irodalmi es nyomdai intezet R.T. –Budapest, 1935